



«Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ

Акционерлердің кезектен тыс  
жалпы жиналысының шешімімен бекітілген  
(2014 жылғы «02» желтоқсандағы №2 хаттама)



Алматы қ., 2014 жыл

См. на обороте

## **1-БАП ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк») осы Жарғысы (бұдан әрі – «Жарғы») Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы заң»), Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі – «Банктер туралы заң») және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.
- 1.2. Банктің атауы:
- Толық атауы:  
мемлекеттік тілде: «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы;  
орыс тілінде: Акционерное общество «Эксимбанк Казахстан»;  
ағылшын тілінде: «Eximbank Kazakhstan» Joint Stock Company.
- Қысқартылған атауы:  
мемлекеттік тілде: «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ;  
орыс тілінде: АО «Эксимбанк Казахстан»;  
ағылшын тілінде: «Eximbank Kazakhstan» JSC.
- 1.3. Банктің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 80.
- 1.4. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

## **2-БАП БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

- 2.1. Банк:
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорттық-импорттық банкін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы №805 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорттық-импорттық банкі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнын «Қазақстан Эксимбанкі» жабық акционерлік қоғамына қайта құру жолымен құрылған;
  - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2002 жылғы 27 маусымдағы №111 бұйрығының негізінде «Қазақстан Эксимбанкі» жабық акционерлік қоғамы «Қазақстан Эксимбанкі» ашық акционерлік қоғамы болып қайта аталды;
  - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен берілген 2004 жылғы 26 мамырдағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №3941-1900-АҚ күәлігіне сәйкес, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2004 жылғы 31 наурыздағы шешімінің негізінде «Қазақстан Эксимбанкі» ашық акционерлік қоғамы «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы болып қайта тіркелді.
- 2.2. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарды (келісімдерді), осы Жарғыны және Банктің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.  
Банкте Корпоративтік басқару кодексі қолданылады, ол Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.

- 2.3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің меншік құқығында өз акционерлерінің мүлігінен оқшауланған мүлкі бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алады және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, дербес балансы, Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген логотипі, өзінің ресми атауы көрсетілген мөрі, эмблемасы, мөртабандары мен бланкілері бар.  
Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаның тіркеу органдарында (бұдан әрі - әділет органдары) банк ретінде мемлекеттік тіркелуімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының болуымен анықталады.
- 2.4. Банк заңмен бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы. Банктің филиалы бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінде бірнеше мекен-жайлар бойынша орналасқан үй-жайларға иелік етуге құқылы.
- 2.5. Банктің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі және:  
а) акцияларды орналастыру кезінде олардың төлемі;  
б) Банк қызметінің нәтижесінде алынған табыстардың;  
в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да негіздемелер бойынша сатып алынған өзге мүлктің есебінен қалыптастырылады.
- 2.6. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкімен жауап береді, оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтемақы салынуы мүмкін.
- 2.7. Банк Банктің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Банктің акционерлері Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.
- 2.8. Банк белгіленген тәртіппен өзінің ресми атауын Қазақстан Республикасының аумағында тіркейді.

### **3-БАП**

#### **БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

- 3.1. Банк қызметінің мақсаты өзінің заңды қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде табыс алу болып табылады.
- 3.2. Банк лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық және белгілі бір банк операцияларын жүзеге асырады.  
Банк шетел валютасындағы банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы болған кезде ұлттық және шетел валютасындағы банк операцияларын жүзеге асырады.
- 3.3. Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарында жүзеге асыруға құқылы.
- 3.4. Банктің бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің бір немесе бірнеше үйлесімді түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.
- 3.5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыруға құқылы.  
Егер қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті мемлекеттік органдарының (лицензиардың) арнайы рұқсаты қажет болған жағдайда, Банк қызметтің осы түрін

белгіленген тәртіппен тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін ғана және оған сәйкес жүзеге асырады.

#### **4-БАП**

### **БАНКТИҢ ТАБЫСТАРЫ, РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ, БАНКТИҢ РЕЗЕРВТЕРІ МЕН БАСҚА ҚОРЛАРЫ**

- 4.1. Банк қызметінің нәтижесінде алынған табыстар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін Банктің меншігінде қалады және Банктің қорларын толтыруға, акциялар бойынша дивидендтер төлеуге пайдаланылады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Банктің дамуына немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталады.
- 4.2. Банктің резервтік капиталды құру немесе құрмау туралы шешімі Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатады. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің таза табысының есебінен резервтік капиталды құру туралы шешімді жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін қабылдауы мүмкін және резервтік капиталдың мөлшерін, сондай-ақ оған жасалатын аударымдар мен оны пайдалану тәртібін анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысымен Банктің бұрын құрылған резервтік капиталы басқа мақсаттарға бөлінуі мүмкін.
- 4.3. Банк банк қызметін жүзеге асыруға байланысты туындайтын залалдарды жабу үшін динамикалық резервін құрады. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып, уәкілетті органымен бекітілген тәртіппен және шарттарында динамикалық резерв құрылады. Динамикалық резерв жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін құрылады. Егер динамикалық резервтің нақты мөлшері салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып, уәкілетті органымен бекітілген ең төменгі мөлшерден аз болса, Банк жай акциялар бойынша дивидендтерді есептемейді (төлемейді).
- 4.4. Банк жүргізілген операциялардың сипаты мен қарқынына сәйкес өз қызметінің тиісті сенімділік және бақылау деңгейін қамтамасыз ету мақсатында, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құрады.
- 4.5. Резервтік капиталды қоспағанда, Банктің қорларына, ҚЕХС жөніндегі резервтерге, динамикалық резервтерге билік жүргізу Банктің бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің құзырына жатады.

#### **5-БАП**

### **БАНКТИҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

- 5.1. Банк жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамалықсыз нысанда шығарылады.
- 5.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі белгіленбесе, акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемдегі құқықтар береді.
- 5.3. Жай акция дауыс беруге қойылған барлық мәселелерді шешу барысында акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда Қазақстан

- Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. Жай акцияларды иеленетін акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтар беріледі.
- 5.4. Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді. Артықшылықты акциялардың меншік иелері-акционерлер жай акциялардың меншік иелері-акционерлерге қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Банк таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігін алуға басым құқығы бар.
- 5.5. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді, егер:
- а) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектейтін шешімі жөніндегі мәселені қарастырады. Осы мәселе бойынша шешім мына жағдайда қабылданған болып есептеледі, егер шектеу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санынан үштен екісінен кем емесі дауыс берсе (сатып алынғанын шегергенде).  
Артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектейтін шешімі жөніндегі мәселерге мыналар жатады:
    - артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерін азайту немесе дивидендтер мөлшерінің есептеу тәртібін өзгерту;
    - артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің төлем тәртібін өзгерту;
    - артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына алмастыру;
  - б) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес Банк акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту туралы мәселені қараса (егер де әдістеме құрылтайшылық жиналысында белгіленбеген болса);
  - в) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;
  - г) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе.
- Бұл ретте Жарғының осы тармағының г) тармақшасында көрсетілген жағдайда, акционердің-артықшылықты акциялардың меншік иесінің Банкті басқаруға қатысу құқығы өзіне тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толықтай мөлшерінде төленген күннен бастап тоқтатылады.
- 5.6. Акцияларды шығарудың, орналастырудың, айналыста болудың, сондай-ақ олар бойынша дивидендтер төлеудің рәсімі мен тәртібі акциялар шығарылымының проспектісімен белгіленеді.
- 5.7. Қосымша қаражаттарды тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 5.8. Облигациялар шығарудың, олар бойынша сыйақылар төлеудің, оларды өткізуден түскен қаражаттарды өтеудің және пайдаланудың шарттары мен тәртібі, сондай-ақ туынды бағалы қағаздарды шығарудың шарттары мен тәртібін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті шағарылым проспектісімен (шығару шарттарымен) анықтайды.
- 5.9. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Банктің Банк акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруы Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының айырмашылығы шегінде жүзеге асырылады. Банктің бағалы қағаздарының айырбасталу шарттары, мерзімдері және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде айқындалады.

- 5.10. Осындай айырбастаудың нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалармен Банк акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлап отырған тұлғаларға) қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптар сақталатын болса, Банк бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға құқылы. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға тыйым салынады.
- 5.11. Егер осындай алмастырудың мүмкіндігі акциялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған болса, Банк Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банк акцияларының басқа түріне алмастыруды жүзеге асыруға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банк акцияларының басқа түріне алмастырудың шарттары, мерзімі және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акциялар шығарылымының проспектісінде айқындалады.
- 5.12. Банктің акциялары мен өзге бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шарттың негізінде тіркеуші жүзеге асырады. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдер жүйесін жүргізуді тек қана Банктің тіркеушісі жүзеге асыра алады.

## **6-БАП**

### **ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеу ақшамен, сондай-ақ акционердің жазбаша келісімімен Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығаратын бағалы қағаздармен төленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.
- 6.2. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.
- 6.3. Банктің жай, сондай-ақ артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі.
- 6.4. Банктің жай акциялары жөнінде жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк органының шешімін талап етпейді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тиісті жыл үшін Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілген күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күнінен кешіктірмеген мерзімде жүзеге асырылады.
- 6.5. Банктің бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивидендтің кепілді мөлшері 100 (бір жүз) сома деп белгіленеді. Бұл ретте артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы тиіс. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.
- 6.6. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:
- а) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
  - б) дивидендтер төленетін кезең;
  - в) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
  - г) дивидендтер төлемі басталатын күн;
  - д) дивидендтер төлеудің тәртібі және нысаны.

- 6.7. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу шешімі қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл шешім Интернет жүйесінде Банктің корпоративтік WEB – сайтында [www.eximbank.kz](http://www.eximbank.kz) (бұдан әрі – Банктің WEB – сайты) жариялануға тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталуы алдындағы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк осы Жарғының 6.6. тармағының а), б), г), д) тармақшаларында аталған мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сонымен қатар Банктің бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпаратты Банктің WEB – сайтында жариялауға міндетті. Банктің жай, сонымен қатар артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы ақпарат осы Жарғының 16.3. тармағына сәйкес Банктің WEB – сайтында жарияланады.
- 6.8. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімін қабылдауға құқылы, осындай шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оны Банктің WEB – сайтында жариялап отырып.
- 6.9. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:
- өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
  - егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса.

## **7-БАП**

### **АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 7.1. Банк акционері:
- Акционерлік қоғамдар туралы заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;
  - дивидендтер алуға;
  - Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің қаржы есептілігімен танысуға;
  - Банктің тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділерін алуға;
  - Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;
  - Банк органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
  - дербес не басқа акционерлермен бірлесіп Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иелену барысында Акционерлік қоғамдар туралы заңның 63 және 74 бабтарында көзделген жағдайларда, Банкке Банктің лауазымды тұлғаларымен Банкке келтірілген залалдардың орнын толтыру және Банкке Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) онымен аффилиирленген тұлғаларының олардың жасалуында мүдделігі бар ірі мәмілелер жасасу (жасау ұсыныстары) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде түскен пайданы (табысты) қайтару туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгініс жасауға;
  - Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және сауал Банкке келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн аралығында дәлелді жауаптар алуға;
  - Банк таратылған жағдайда оның бір бөлігіне;
  - заңнамалық актілерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.
- 7.2. Банктің ірі акционері:

- а) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
  - б) Директорлар кеңесіне Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
  - в) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - г) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
- 7.3. Жарғының осы бабының 7.1., 7.2. тармақшаларымен бекітілген акционерлердің құқықтарына шектеу қоюға жол берілмейді. Акционерлер Жарғының осы бабының 7.1., 7.2. тармақшаларында көзделген құқықтардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген құқықтарға ие болады.
- 7.4. Банк акционерлері:
- а) акцияларды төлеуге;
  - б) Банктің тіркеушісін және аталған акционерге тиесілі акциялардың нақтылы ұстаушысын Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күні ішінде хабарлауға;
  - в) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
  - г) Акционерлік қоғамдар туралы заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.
- 7.5. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша:
- а) Банкпен аффилирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге және бұрын берілген мәліметтер өзгерген жағдайда, бұл туралы Банкті 7 (жеті) күн ішінде хабардар етуге;
  - б) уәкілетті органның талабы бойынша құрылтай құжаттарын және Банктің ірі қатысушылары мен олардың қаржылық жағдайын анықтау үшін қажетті өзге ақпаратты тапсыруға міндетті.

## **8-БАП БАНКТІ БАСҚАРУ**

- 8.1. Банктің органдары болып табылатындар:
- а) жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
  - б) басқару органы - Директорлар кеңесі;
  - в) атқарушы орган - Басқарма;
- Банктегі қаржылық-шаруашылық қызметті бақылау үшін Ішкі аудит басқармасы мен Комплаенс-бақылау басқармасы құрылады.

## **9-БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

- 9.1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғары органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк Акционерлердің жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 9.2. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзырына мына мәселелер жатады:
- а) Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - б) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - в) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;



- г) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- д) Банктің бағалы қағаздарын айырбастаудың тәртібін және шарттарын, сондай-ақ оларды өзгертуді анықтау;
- е) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- ж) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне алмастыру, осындай алмастырудың тәртібін және шарттарын айқындау туралы шешім қабылдау;
- з) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- и) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің және олардың өз міндеттерін орындау кезіндегі шығыстардың орнын толтырудың мөлшері мен талаптарын анықтау;
- к) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- л) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- м) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- н) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- о) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау;
- п) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысу не өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- р) Банктің акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлаудың нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты Банктің WEB – сайтында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- с) Банк Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер де әдістеме құрылтайшылық жиналысында белгіленбеген болса);
- т) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- у) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жататын өзге мәселелер.

- 9.3. Осы Жарғының 9.2. тармағының а)-г) және с) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Егер Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және (немесе) осы Жарғымен өзгесі белгіленбеген болса, Акционерлердің жалпы жиналасының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 9.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелері бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 9.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің акционерлерін Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.
- 9.6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
- а) Директорлар кеңесінің;
  - б) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

- 9.7. Банк ерікті түрде таратылу процесінде болған жағдайда, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Банктің тарату комиссиясымен шақырылған, дайындалған және өткізілген болуы мүмкін.
- 9.8. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:
- Басқарма;
  - жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
  - Директорлар кеңесі;
  - Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 9.9. Акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау мен өткізу жөніндегі шығындарды Банк көтереді.
- 9.10. Банктің органдары Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Егер Банк органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің ірі акционерінің талабын орындамаған болса, Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 9.11. Ірі акционердің бастамасы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу келесі түрде жүзеге асырылады:
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Банктің атқарушы органы орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс;
  - Директорлар кеңесі күн тәртібі мәселерінің сөйлемдеріне өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.  
Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы;
  - Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) түсетін болса, ол осындай жиналысты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) аты-жөнін (атауын) және оған тиесілі акциялардың санын, түрін камтуға тиіс.  
Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қолын қояды;
  - Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті;
  - Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі мынадай жағдайларда қабылданады, егер:
    - осы Жарғымен белгіленген Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың тәртібі сақталмаса;
    - Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмейтін болса.Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі сотта даулануы мүмкін;

- е) егер Жарғының осы тармағында белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі қойылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімін қабылдамайтын болса, оны шақыруды талап ететін тұлға Банкті Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттейтін талаппен сотқа жүгінуге құқылы.
- 9.12. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақыты оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілік саны жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.
- 9.13. Акционерлер алдағы уақытта өткізілетін Жалпы жиналыс туралы жиналыс өткізілетін күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциалды және өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселесі күн тәртібіне қойылған Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, уәкілетті органның талабы бойынша акционерлерге алдағы уақытта өткізілетін жалпы жиналыс жөнінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күні бұрын хабарлау керек.
- 9.14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама осы Жарғының 16.3. тармағына сәйкес Банктің WEB – сайтында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер акционерлердің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
- 9.15. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландырудың мазмұны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.
- 9.16. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі күннен ерте тағайындауға болмайды. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырықша болмау керек.
- 9.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін, бұл ретте Банк акционерлері осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей немесе осы Жарғының 9.19. тармағында белгіленген тәртіппен хабарлануы тиіс. Көзбе-көз тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстары туралы баяндауға тиіс.
- 9.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.
- 9.19. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесі қойылған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарына ұсынылған үміткер қай акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол Банктің тәуелсіз директорының

қызметіне үміткер болып табыла ма, жоқ па екендігі көрсетілуі тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелеріне үміткер Банктің акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған акционер немесе жеке тұлға болып табылса, онда осындай мәліметтер акционерлер тізімі құрылған күнге акционердің Банктің дауыс беру акцияларын иелену үлесі туралы деректерін қоса отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

Егер оны енгізу үшін орналастырылған (сатып алынғанды қоспағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісі дауыс берген болса, күн тәртібіне келесі мәселе қойылуы мүмкін, ол бойынша шешім қабылданған жағдайда, артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығы шектелуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес. Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзге», «басқалар» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

- 9.20. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті толық ақпарат, сонымен қатар акционерлердің Банктің және оның лауазымды қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банктің Басқармасы орналасқан жерде Жалпы жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.
- 9.21. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жолданған жағдайда, аталмыш бюллетеньдермен көрсетілген және жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу кезінде алынған бюллетеньдер кворумды және дауыс беру қорытындыларын анықтау барысында ескеріледі.
- 9.22. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:
- а) кворум болмаған себептерге байланысты Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;
  - б) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.
- Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.
- 9.23. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркелуі жүргізіледі.
- 9.24. Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқылы емес. Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар

сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметкерлері Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқылы емес.

- 9.25. Тіркеуден өткен акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Өзге тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде акционерлердің, Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының шақыруы бойынша ғана қатыса алады және Жалпы жиналысқа дауыс беру құқығысыз сөйлей алады.
- 9.26. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан ерте ашылмауға тиіс.
- 9.27. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды, дауыс берудің нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) етіп айқындайды.
- 9.28. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Банктің Басқармасына кіретін жағдайларды қоспағанда, Банк Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 9.29. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.
- 9.30. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 9.31. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.
- 9.32. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).
- 9.33. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ұстанымы бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:
- а) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;
  - б) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
  - в) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.
- 9.34. Кумулятивтік дауыс беру барысында акциялар бойынша берілетін дауыстар акционермен Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткер үшін толық берілуі немесе акционермен Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткердің арасында бөлінуі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

- 9.35. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі үшін жауап береді. Жалпы жиналыста Банктің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында: Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.
- 9.36. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюға мүмкіндігі жоқ болған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқылы тұлға хаттамаға қол қояды. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.
- 9.37. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тіркеледі.
- 9.38. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оларды Банктің WEB – сайтында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.
- 9.39. Осы Жарғының 9 бабының 9.37. тармағында көрсетілген құжаттар Банкте корпоративтік хатшыда сақталады және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта беріледі. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## **10-БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

- 10.1. Банктің Директорлар кеңесі Банктің басқару органы болып табылады. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 10.2. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- а) Банк қызметінің және Банктің дамыту стратегиясының басым бағыттарын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Банктің дамыту жоспарын бекіту;
  - б) Банктің бизнес-жоспарын және бюджетін бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізу;
  - в) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
  - г) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - д) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - е) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және олардың сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - ж) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
  - з) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

- и) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарманың басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- к) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- л) ішкі аудит басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және қызметкерлерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібін, ішкі аудит басқармасының қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- м) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;
- н) Бас комплаенс-бақылаушыны, Комплаенс-бақылау басқармасының басшысын және қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит Банктің аталған қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- о) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларының төлемі ретінде берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- п) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Банктің қызметіне қатысты тәуекелдері шектейтін саясаттар мен басқа да құжаттарды және тәуекелдер мониторингін және басқа да саясаттар мен процедураларды (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), сонымен қатар аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қоюдың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- р) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- с) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- т) оның он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- у) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- ф) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- х) Банктің немесе оның қызметтік, коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- ц) ірі мәмілелерді және оның жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді қабылдау;
- ч) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру;
- ш) Акционерлердің жалпы жиналысына Банктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі туралы, Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің бір жыл ішіндегі мөлшері туралы ұсыныстарды қалыптастыру;
- щ) Банкте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмысы жөніндегі шешімдерді қабылдау;
- ы) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген кезеңділікпен Басқарманың, Ішкі аудит басқармасының, Комплаенс-бақылау басқармасының есеп берулерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- э) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің Жарғысымен көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

10.3. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жататын мәселелерді Банк Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

- 10.4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 10.5. Директорлар кеңесі:
- а) акционерлер мен лауазымды тұлғалардың деңгейінде мүдделердің әлеуетті қақтығысын, сондай-ақ Банктің жеке меншігін заңсыз пайдалану және мүддесі бар мәмілелер бекіткенде теріс пайдаланушылықтарды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;
  - б) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға тиіс.
- 10.6. Директорлар кеңесі Банктің немесе банк холдингінің тиісті ірі қатысушысы мәртебесін алу шеңберінде Банктің орналастырылған акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызына (артықшылық берілген және Банк сатып алғандарды қоспағанда) немесе банктік холдингіне иелік ететін ірі қатысушы-жеке тұлғамен ұсынылған бизнес-жоспарын қарастырады. Бұл ретте Банк Директорлар кеңесімен банктің ірі қатысушысының (банктік холдингінің) бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы Банктің дамыту стратегиясына (дамыту жоспарына) банктің ірі қатысушысының (банктік холдингінің) бизнес-жоспарын қосу не қоспау жөніндегі тиісті шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.
- Директорлар кеңесі Банктің дамыту стратегиясын (дамыту жоспарын) сақтауды қамтамасыз етеді.
- 10.7. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру мен Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін Банкте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:
- Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:
- 1) стратегиялық жоспарлау;
  - 2) кадрлар мен сыйақылар;
  - 3) ішкі аудит;
  - 4) әлеуметтік мәселелер;
  - 5) Банктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.
- Жарғының 10.7. тармағының екінші бөлімінде аталған мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.
- 10.8. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелері мен аталмыш комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Олардың құзыретіне осы Жарғының 10.7. тармағының екінші бөлімінің 1)-4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарастыру кіретін тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.
- Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.
- 10.9. Директорлар кеңесінің комитетін құру және жұмысының тәртібі, оның саны, сонымен қатар сан құрамы Директорлар кеңесімен бекітілген Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.
- 10.10. Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер сайлауға түскен жағдайды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалану арқылы кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады.
- 10.11. Директорлар кеңесінің мүшелері:
- а) акционерлер – жеке тұлғалар;
  - б) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
  - в) Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.



- 10.12. Директорлар кеңесінің мүшелері:
- а) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, ақпараттылық, айқындылық негізінде Банктің және оның акционерлерінің мүддесіне орай әрекет етуге;
  - б) барлық акционерлерге әділдік танытуға, корпоративтік мәселелер бойынша дұрыс, тәуелсіз пікір білдіруге тиіс.
- 10.13. Басқарма Төрағасынан басқа Банк Басқармасының мүшелері мен Банктік омбудсман Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 10.14. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалардың жоғары білімдері болуға және банктің басқарушы қызметкерлеріне қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшесі осы Заңға және/немесе Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген міндеттемелердің орындалуын басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.
- 10.15. Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі ол сайланған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайтын күн ішінде уәкілетті органмен келіспей өз қызметін атқаруға құқылы.
- 10.16. Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне сайлауға келісім беру тәртібін Банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.
- 10.17. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта сайлануы мүмкін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмеген болса. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.
- 10.18. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 10.19. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесімен аталмыш хабарлама алынған кезден бастап тоқтатылады.
- 10.20. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.
- 10.21. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.
- 10.22. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлауға құқылы.
- 10.23. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сонымен қатар Банктің Директорлар кеңесінің қызметіне басшылық жасаумен байланысты өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 10.24. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

- 10.25. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасы бойынша, немесе:
- а) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
  - б) Банктің ішкі аудит басқармасының;
  - в) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
  - г) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 10.26. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесінің отырысына ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.
- 10.27. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күн ішінде Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталмыш талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.
- 10.28. Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар отырыс өткізілетін күнге дейінгі 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал ерекше сұрақтың қаралуын кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, отырыс өткізілетін күнге дейін бір күн бұрын ұсынылады. Оның жасалуында мүдделілігі бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасалуы туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі мен өзгешілігі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Акционерлік қоғамдар туралы Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда) болуға тиіс.
- 10.29. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Банктің Басқармасын алдын ала хабрлауға тиіс.
- 10.30. Егер де отырысқа/сырттай дауыс беруге Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем емесі қатысса, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу/сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдау үшін кворум қамтамасыз етілген болып саналады.
- 10.31. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.
- 10.32. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.
- 10.33. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 10.34. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді көзбе-көз отырысын өткізу арқылы және сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыс беру үшін онда Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған әрбір мәміле бойынша Директорлар

кеңесі мүшесінің шешімі бар бюллетеннің Банкке ұсыну мерзімі белгіленген бюллетеньдері жіберіледі.

- 10.35. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға тиіс, сондай-ақ онда:
- а) Банктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері,
  - б) отырыс өткізілетін күні, уақыты және орны;
  - в) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
  - г) отырыстың күн тәртібі;
  - д) дауыс беруге қойылған мәселелер, және олар жөніндегі Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша әрбір Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
  - е) қабылданған шешімдер;
  - ж) Директорлар кеңесінің шешімі жөніндегі өзге де мәліметтер болуға тиіс.
- 10.36. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған болып танылады.  
Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде жасалып, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қоюға тиіс.  
Шешім ресімделген күннен бастап ол 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.
- 10.37. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және осы Жарғымен бекітілген тәртіпті бұза отырып Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.  
Акционер Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және осы Жарғымен бекітілген тәртіпті бұза отырып Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулауға құқылы, егер аталған шешім Банктің және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса.
- 10.38. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары/шешімдері Банкте сақталады. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) оған Банк Басқармасы Төрағасының (немесе Басқарма Төрағасының Орынбасарының) қолымен және Банктің мөр бедерімен расталған хаттамадан/шешімдерден көшірме беруге міндетті.
- 10.39. Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттеріне мыналар кіреді:
- а) Банктің мүддесіне орай өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындау;
  - б) Банк тарапы болып табылатын немесе болып табылуға ниеттенген мәмілелерден өздері үшін шығатын кез келген қаржылық пайдалар туралы Директорлар кеңесін тез арада жазбаша хабардар етуге.
- 10.40. Банкке залал келтіруге әкеп соқтыратын, өздеріне жүктелген міндеттемелерін бұзатын Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

## **11-БАП БАСҚАРМА**

- 11.1. Басқарма Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады, ол Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Комплаенс-бақылау басқармасының және Ішкі аудит басқармасының айырықша құзыретіне жататындарды қоспағанда, Банктің ағымдағы

және күнделікті операцияларына басшылықты жүзеге асырады және жүктелген міндеттердің орындалғаны үшін Директорлар кеңесінің алдында жауап береді.

- 11.2. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 11.3. Басқарманы Директорлар кеңесі сайлайды және оның құрамында үш мүшеден кем болмауға тиіс. Банктің Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасын қоса алғанда, Басқарманың не кез келген оның мүшелерінің өкілеттігін тұтастай мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 11.4. Басқарманы Басқарма мүшелерінің жалпы санынан Директорлар кеңесімен сайланатын Басқарма Төрағасы басқарады. Басқарма Төрағасының Банктің Директорлар кеңесімен сайланатын үш Орынбасары, оның ішінде бір Бірінші орынбасары болуы мүмкін. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының немесе атқарушы органның жұмысын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.
- 11.5. Акционерлер және Банктің акционерлері болып табылмайтын оның қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Банктік омбудсман Басқарма мүшесі бола алмайды.
- 11.6. Басқарма құрамына сайланған тұлғалардың жоғары білімі болуға тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасымен банк қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарға сай болуға тиіс.
- 11.7. Банк Басқармасының әрбір мүшесі ол сайланған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайтын күн ішінде уәкілетті органмен келіспей өз қызметін атқаруға құқылы.
- 11.8. Басқарманың мүшесі қызметіне сайлауға келісім беру тәртібін Банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.
- 11.9. Басқарманың мүшелері 5 (бес) жыл мерзімге сайланады. Басқарманың мүшелері Басқарма мүшесінің қызметіне шексіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.
- 11.10. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Басқарманың отырысы, егер оған оның мүшелерінің кем дегенде елу пайызы қатысатын болса, жарамды болып саналады.
- 11.11. Басқарманың отырысын Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға шақырады.
- 11.12. Басқарманың қарауына мәселелерді шығару құқығы Директорлар кеңесінің Төрағасына және мүшелеріне, Басқарма Төрағасына және басқа мүшелеріне, Банктің ішкі аудит қызметіне, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына тиесілі болады.
- 11.13. Басқарма отырысында қарастыру үшін материалдарды әзірлеуді Басқарманың хатшысы Банктің құрылымдық бөлімшелерімен олардың қызметіне жататын мәселелер бойынша ұсынылған материалдардың негізінде жүзеге асырады.
- 11.14. Басқарманың шешімдері Басқарманың отырысына қатысып отырған оның мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Басқарманың шешімдері Басқарманың отырысына қатысып отырған барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді және мазмұнында дауыс беруге қойылған мәселелер, әрбір Басқарма мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беруінің нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары болуға тиіс.
- 11.15. Басқарманың құзыретіне мыналар жатады:

- а) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- б) Бизнес-жоспарды және бюджетті, сондай-ақ олардың өзгертулерін және/немесе толықтыруларын әзірлеу және оны Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару;
- в) Банк қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеу;
- г) Банктің Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарды бекіту;
- д) Банктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау және қызметінен босату;
- е) Банктің ұйымдық бірліктері (бөлімшелері) туралы Ережені бекіту;
- ж) қаржы есептілігін әзірлеу;
- з) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу;
- и) ішкі бақылаудың тиімділігін бағалаудың және тексеру қорытындылары мен материалдарын алдын ала қарау;
- к) ішкі бақылау процесінде айқындалған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою жөнінде шешімдер қабылдау;
- л) Банктің Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Банктің қызметіне жататын, оған қоса екінші деңгейлі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің құрылуын реттейтін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес басқа да мәселелерді шешу.

11.16. Басқарма Төрағасы Банктің бірінші басшысы болып табылады және Банктің қызметіне күнделікті басшылықты жүзеге асырады.

11.17. Басқарма Төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- а) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- б) Банк атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді;
- в) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан өкілдік етуге сенімхат береді;
- г) Банк қызметкерлерінің санын және штаттық кестесін бекітеді;
- д) Банк қызметкерлерін (Акционерлер туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді, Комплаенс-бақылау басқармасы (соның ішінде Бас комплаенс-бақылаушы) мен Банктің ішкі аудит басқармасының қызметкерлерін, сонымен қатар Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақа мөлшерін айқындайды;
- е) өзі болмаған жағдайда өз міндетін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- ж) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік саласын бөледі;
- з) Банк қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.
- и) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын ішкі тәртіпті реттейтін нормативтік құжаттарды және басқа да мәселелерді бекітеді;
- к) Банктің Жарғысымен, Директорлар кеңесімен және Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

11.18. Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Директорлар кеңесімен немесе Акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілеттік берілген тұлға қолын қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

11.19. Басқарма Төрағасы болмаған кезеңде оның міндетін Басқарма Төрағасымен уәкілеттік берілген Басқарма Төрағасының Орынбасары атқарады.

- 11.20. Өздеріне жүктелген міндеттерін бұзған және ол Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

## **12-БАП ІШКІ АУДИТ БАСҚАРМАСЫ**

- 12.1. Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды Директорлар кеңесімен кемінде үш мүше санында қалыптастырылатын Ішкі аудит басқармасы жүзеге асырады. Тұтастай Ішкі аудит басқармасының және оның кез келген мүшелерінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 12.2. Ішкі аудит басқармасы тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.
- 12.3. Ішкі аудит басқармасының қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит басқармасының басшысы және қызметкерлері Банктің басқа бөлімшелерін басқара алмайды, сонымен қатар Банктің несие комитетінің және басқа да органдарының мүшелері бола алмайды.
- 12.4. Ішкі аудит басқармасы Банк қызметін жетілдіру мақсатында объективті бағалауды және кеңестік қызметті жүзеге асырады, Банкте ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді. Ішкі аудиттің мақсаты Банк қызметінің тиімділігін және оны жақсарту жөніндегі ұсыныстарды беруді қамтамасыз ету үшін Банк қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің дәлме-дәлдігі мен тиімділігін бағалау, Банк процедуралары мен саясатының тиімділігін бағалау, бухгалтерлік есеп пен ақпараттың және олардың негізінде жасалған қаржылық есептілік пен жүйелі есептіліктің сенімділігін бағалау болып табылады.
- 12.5. Ішкі аудит басқармасының міндеттеріне мыналар кіреді:
- а) ішкі бақылау жүйесін тексеру және тиімділігін бағалау;
  - б) тәуекелдерді басқару жүйесін тексеру және тиімділігін бағалау;
  - в) Директорлар кеңесі үшін Ішкі аудит басқармасының қызметі туралы есептілікті әзірлеу;
  - г) ағымдағы жылдың ішінде ішкі және сыртқы аудитін жүргізуге қажетті Банк операцияларындағы тәуекел саласын анықтау;
  - д) менеджментке және сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын қаржылық ақпараттың сенімділігі мен дәлдігі;
  - е) ішкі және сыртқы аудиторлармен анықталған бухгалтерлік есептегі немесе ішкі аудиттегі кез келген елеулі кемшіліктер.
- 12.6. Ішкі аудит басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оған қоса екінші деңгейлі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің құрылуын реттейтін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне, осы Жарғының қағидаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Ішкі аудит басқармасының құзыреті (функциялары, құқықтары мен міндеттері), Банктің басқа бөлімшелерімен өзара қатынастар тәртібі осы Жарғымен және Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген Банктің ішкі құжатымен анықталады.

## **13-БАП КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

- 13.1. Акционерлердің жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырысын дайындау және өткізу мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды, ол Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының мүшесі болып табылмайды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді.
- 13.2. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі материалдарды және Директорлар кеңесі отырысының материалдарын құруды, сонымен қатар оларға қатысты материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
- 13.3. Корпоративтік хатшы өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғының қағидаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Корпоративтік хатшының құзыреті (функциялары, құқықтары мен міндеттері), Банктің басқа бөлімшелерімен өзара қатынастар тәртібі осы Жарғымен және Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген Банктің ішкі құжатымен анықталады.

#### **14-БАП КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ**

- 14.1. Тәуекелдері басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында Банкте Комплаенс-бақылау басқармасы құрылады.
- 14.2. Бас комплаенс-бақылаушы, Комплаенс-бақылау басқармасының басшысы және қызметкерлері Банктің Директорлар кеңесімен тағайындалады және қызметінен босатылады.
- 14.3. Комплаенс-бақылау басқармасын құру тәртібі және функциялары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 14.4. Бас комплаенс-бақылаушы, Комплаенс-бақылау басқармасының басшысы және қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оған қоса екінші деңгейлі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің құрылуын реттейтін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне, осы Жарғының қағидаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

#### **15-БАП ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ**

- 15.1. Банктің қаржылық есептілігі Банктің бухгалтерлік балансын, пайдалар мен залалдар туралы есепті, ақша қаражатының қоғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме хатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес басқа да есептілікті қамтиды.
- 15.2. Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен бекітіледі.
- 15.3. Басқарма жыл сайын оның аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңына сай жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін талқылау және бекіту үшін Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті тапсырады.
- 15.4. Жылдық қаржылық есептілік Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейінгі 30 (отыз) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуі тиіс.

- 15.5. Банктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
- 15.6. Банк жыл сайын уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілігін ұсынады, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай жасалған және аудиторлық ұйымымен расталған, қағаз тасымалдауышындағы, уәкілеттік органмен бекітілген мерзімде және тәртіппен - шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін ұсынады.
- 15.7. Банк жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін, сонымен қатар уәкілеттік органмен бекітілген мерзімде, Банктер туралы заңның 19 бабының 4 тармағының талаптарына сай келетін аудиторлық ұйым онда келтірілген мәліметтердің шынайлығын растаған және Банк акционерлерінің жылдық жиналысы қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін жариялайды.
- Ірі мәміле және (немесе) оның жасалуында мүдделілігі бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай келетін жылдық қаржы есептілікке жасалған түсіндірме хатында айқындалады. Оның нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын сомаға мүлік сатып алынған не иеліктен шығарылған мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі мен өзгешілігі туралы мәліметтер болуға тиіс.
- 15.8. Банк уәкілеттік органмен бекітілген мерзімде және тәртіппен, аудиторлық растаусыз, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай келетін бухгалтерлік балансын және пайдалар мен залалдар туралы есепті тоқсан сайын жариялайды.
- 15.9. Банк жылдық қаржылық есептіліктің сыртқы аудитін жүргізуге міндетті. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіппен сыртқы аудит жүргізу үшін, жылдық баланс пен қаржылық есептіліктің сенімділігін растау үшін Банк Директорлар кеңесімен анықталатын тәуелсіз аудиторлық ұйымды тартады.
- 15.10. Банктің аудиті, сонымен қатар Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Банктің есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше белгілеуге құқылы. Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйыммен сұратылған барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.
- 15.11. Егер Банк Басқармасы Банктің аудитін жүргізуден бас тартқан болса, онда аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

## **16-БАП**

### **БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖӘНЕ БАНК ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ**

- 16.1. Банк өз акционерлері мен инвесторларының назарына Банктің келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:
- Акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесімен қабылданған және ол туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жетуге тиісті шешімдер;
  - Банктің акциялар мен басқа бағалы қағаздарын шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеудің қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;
  - Банктің ірі мәмілелерді және оның жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасасуы;



- Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
  - Банктің меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің заем алуы;
  - Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиясын алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған бұрын алған лицензиясының қолданысын тоқтату немесе кідірту;
  - Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
  - Банктің мүлкіне тыйым салу;
  - оның нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайдың туындауы;
  - Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
  - корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
  - Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
  - осы Жарғыға, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүддесіне қатысты басқа да оқиғалар.
- 16.2. Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-қорында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Банктің жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есептілігін орналастыруды қамтамасыз етеді.  
Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-қорында тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасының интернет- қорында жариялау үшін қор биржасына оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы есептілікті ұсынады.
- 16.3. Банк акционерлері мен инвесторларына Банктің қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты (оған қоса Банктің қаржылық есептілігі) беру Акционерлік қоғамдар туралы Заңына және осы Жарғыға сәйкес, сонымен қатар акционерлердің/инвесторлардың жазбаша сұрауларының негізінде ақпаратты (оған қоса Банктің қаржылық есептілігін) Интернеттегі Банктің корпоративтік WEB – сайтында ([www.eximbank.kz](http://www.eximbank.kz)) жариялану арқылы жүзеге асырылады.
- 16.4. Банк корпоративтік дау жөніндегі азаматтық ісі бойынша сот хабарламасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде акционерлерге корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпаратты беруге тиіс.
- 16.5. Банктің коммерциялық және қызметтік құпиясын құрамайтын қажетті ақпаратты немесе материалдарды алу үшін:
- а) Банктің акционері Банк Басқармасы Төрағасының атына өзі танысқысы немесе олардың көшірмелерін (олардың расталған үзінділерін) алғысы келетін ақпараттың немесе материалдардың атауын және олар жасалған (жасалуға тиіс болған) күнін, жіберілетін мекен-жайын көрсете отырып жазбаша сұрауды жолдайды;
  - б) Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша корпоративтік хатшы тиісті жазбаша сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей акционерге материалдармен (құжаттармен) танысу мүмкіндігі бар орны мен уақытын не материалдардың (құжаттардың) (олардың расталған үзінділерінің) көшірмелерін жасау және оларды акционерге жөнелту мен жеткізу шығыстарының сомасын, сонымен қатар аталған шығыстардың құнын төлей алатын деректемелерін хабарлайды;
  - в) құжаттардың (олардың үзінділерінің) көшірмелерін жасау жөніндегі Банктің шығыстары мен пошталық шығыстарды төлеу үшін ақша түскен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей корпоративтік хатшы акционерге сұратылған

- материалдардың (құжаттардың) көшірмелерін, олардың үзінділерін тапсырыс хатымен жолдайды не жеке өзіне береді (Жарғының көшірмесі, оның өзгертулері мен толықтырулары Банктің акционеріне тиісті жазбаша сұрау алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады);
- г) кез келген жағдайда акционер сұраған ақпаратты, материалдардың (құжаттардың) көшірмелерін, олардың үзінділерін берудің немесе оларды беруден дәлелді бас тартудың мерзімі Банкке акционердің сұратуы түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен аспауға тиіс.
- 16.6. Банктің коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын қажетті ақпаратты немесе материалдарды алу үшін:
- а) Банктің акционері Банк Басқармасы Төрағасының атына өзі танысқысы немесе олардың көшірмелерін алғысы келетін ақпараттың немесе материалдардың атауын және олар жасалған (жасалуға тиіс болған) күнін көрсете отырып жазбаша сұрауды жолдайды;
- б) Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша корпоративтік хатшы тиісті жазбаша сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей оны акционер сұраған ақпаратты беру мүмкіндігіне, сонымен қатар берілетін материалдардың (құжаттардың) түріне (оның көшірмесі, құжаттың расталған үзіндісі т.б.) және сұралған ақпаратты беру нысанына қатысты оны қарастырады. Банк Басқармасы сұратылған ақпаратты беру туралы онды шешім қабылдаған жағдайда, корпоративтік хатшы акционерге материалдармен (құжаттармен) танысу мүмкіндігі бар орны мен уақытын не материалдардың (құжаттардың) (олардың расталған үзінділерінің) көшірмелерін жасау және оларды акционерге жөнелту мен жеткізу шығыстарының сомасын, сонымен қатар аталған шығыстардың құнын төлей алатын деректемелерін хабарлайды;
- в) құжаттардың көшірмелерін жасау жөніндегі Банктің шығыстары мен пошталық шығыстарды төлеу үшін ақша түскен және Банк акционері Банктік, коммерциялық және қызметтік құпияны жарияламау туралы міндеттемеге қол қойған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей корпоративтік хатшы акционерге сұратылған құжаттардың көшірмелерін (олардың расталған үзінділерін) тапсырыс хатымен жолдайды не жеке өзіне береді. Акционер аталмыш Міндеттемеге қол қоймаған жағдайда, Банк сұратылған ақпаратты немесе құжаттарды (материалдарды) бермейді;
- г) кез келген жағдайда акционер сұраған ақпаратты, материалдардың (құжаттардың) көшірмелерін, олардың үзінділерін берудің немесе оларды беруден дәлелді бас тартудың мерзімі Банкке акционердің сұратуы түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен аспауға тиіс.
- Банктің бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналыста болудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін, коммерциялық, қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттар акционердің танысуы үшін оның талабы бойынша берілуге тиіс.
- 16.7. Коммерциялық, қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны қорғау мақсатында Банк Басқармасы акционерге тиісті хабарламаны жолдай отырып, ол сұраған ақпаратты Банк акционеріне беруден бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 16.8. Құжаттардың көшірмелерін берудің төлем мөлшерін Банк Басқармасы белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін әзірлеу мен құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстардың құнынан аспауға тиіс.
- 16.9. Банктің қызметіне қатысты құжаттарды Банк өзінің бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде Банктің Басқармасы орналасқан жерде сақтауға тиіс.
- 16.10. Келесі құжаттар сақталуға тиіс:
- а) Банктің Жарғысы, Банктің Жарғысына енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар;
- б) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;

- в) Банктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға арналған лицензиялары;
- г) Банктің өз балансында тұрған мүлікке қатысты құқығын растайтын құжаттар;
- д) Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
- е) Банктің бағалы қағаздарын шығарудың мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздарын жоюды, сонымен қатар уәкілетті органға ұсынылған Банктің бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы есептердің бекітілгенін растайтын құжаттар;
- ж) Банктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- з) Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- и) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылған акционерлердің тізімі;
- к) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай өткізілген отырыстардың шешімдері), бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- л) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері).
- м) Корпоративтік басқару кодексі.

16.11. Басқа құжаттар, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзім ішінде сақталады.

## **17-БАП**

### **БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

- 17.1. Акционерлік қоғамдар туралы заңда, Банктер туралы заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде анықталған тұлғалар Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылады.
- 17.2. Банктің акционерлері мен лауазымды тұлғалары аффилиирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде Банкке өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты қағаз және/немесе электронды тасымалдаушында табыс етуге міндетті. Ақпарат аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер берілетін күнді, жеке аффилиирленген тұлғалар үшін - тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, жеке сәйкестендіру нөмірін, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 64 бабының 1 және 1-1 тармақтарының тиісті тармақшасына, Банктер туралы заңның 2-1 бабына сілтеме жасалған аффилиирленгендікті тану үшін негіздемені; заңды аффилиирленген тұлғалар үшін – заңды тұлғаның толық атауын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің күні мен нөмірін, пошталық мекен-жайын және нақты орналасқан жерін, бизнес сәйкестендіру кодын, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 64 бабының 1 тармағының тиісті тармақшасына, Банктер туралы заңның 2-1 бабына сілтеме жасалған аффилиирленгендікті тану үшін негіздемені қамтуға тиіс.
- 17.3. Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде Банкке өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті табыс етуге міндетті. Ақпарат өзгерген жағдайда, аталмыш ақпаратты берген тұлға осындай өзгеріс туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде бұл туралы Банкті хабардар етуге міндетті.

## **18-БАП**

### **БАНКТІҢ МӘМІЛЕ ЖАСАСУЫНА МҮДДЕЛІК**

- 18.1. Банктің аффилиирленген тұлғалары, егер олар:
  - а) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатын болса;

- б) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болса, онда олар қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары болып танылады.
- 18.2. Төмендегілер олардың жасалуына Банк мүдделі болатын мәміле болып табылмайды:
- а) акционердің Банк акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алу, сондай-ақ Банктің орналастырған өз акцияларын сатып алу жөніндегі мәміле;
  - б) банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жарияламау туралы міндеттемені қабылдау жөніндегі мәміле;
  - в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Банктің қайта ұйымдастырылуы;
  - г) Банктің өзінің аффилиирленген тұлғасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес жасалатын мәмілесі;
  - д) Банктің өзінің аффилиирленген тұлғасымен шарт жасасуы, оның үлгілік нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген.
- 18.3. Банктің мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар келесі ақпаратты қағаз немесе электронды түрде Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті:
- а) мәміле жасаушы тарап болатыны немесе оған өкіл не делдал ретінде қатысатыны туралы;
  - б) өздері аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызына иеленетін заңды тұлғалар туралы және өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;
  - в) өздеріне белгілі немесе жасалуы ықтимал және Банктің мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар ретінде танылуы мүмкін болған мәмілелер.
- 18.4. Банктің жасалуында мүдделілігі бар мәміле жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 18.5. Банктің жасалуында мүдделілігі бар мәміле жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады, мынадай жағдайда:
- а) егер Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
  - б) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына байланысты, Директорлар кеңесінің осындай мәмілені жасау туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаса.
- 18.6. Егер Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызына иеленетін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылса, Банктің жасалуында мүдделілігі бар мәміле жасау туралы шешім Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Бұл ретте Акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттармен қоса) беріледі.

## **19-БАП**

### **ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

- 19.1. Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
- 19.2. Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

- 19.3. Егер қайта ұйымдастырылған кезде Банк өз қызметін тоқтатқан болса, оның акциялар шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жойылады.
- 19.4. Банк қайта ұйымдастырылған кезде оның құқықтары, міндеттемелері мен мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтық мұрагеріне өтеді.
- 19.5. Банкті ерікті түрде таратуды тарату комиссиясы жүзеге асырады. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тарату комиссиясын тағайындайды. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап Банктің істері мен мүлкін басқару соған өтеді. Тарату комиссиясы Банктің істерін аяқтау үшін, оған қоса оның кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды. Тарату комиссиясы Банктің атынан әрекет етеді және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дербес болады.
- 19.6. Банкті тарату рәсімі және кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 19.7. Тарату туралы жазбалар Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап Банктің таратылуы аяқталған болып саналады, ал Банк бүкіл өз қызметін тоқтатады және өзінің барлық заңды тұлға ретіндегі құқықтарын жоғалтады.

## **20-БАП**

### **ДАУЛАРДЫ ШЕШУ. БАНКТИҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 20.1. Банктің қызметіне қатысты акционерлердің арасындағы кез келген даулар Акционерлердің жалпы жиналысында қаралады. Акционерлердің жалпы жиналысында дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген сот тәртібімен шешіледі.
- 20.2. Банктің лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Банк төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей көтерген залалдар үшін Банктің және акционерлердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілік атқарады:
  - 1) адастыратын ақпарат немесе алдын ала жалған ақпарат беру;
  - 2) Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және осы Жарғымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
  - 3) өздерінің жауапсыз іс-әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздіктерінің нәтижесінде Банкке залалдар келтіруге әкеп соқтырған, соның ішінде Банкпен мұндай мәмілелерді жасау нәтижесінде олардың не олармен афилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) көру мақсатымен оның жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау туралы шешімдерді қабылдау және (немесе) жасау жөніндегі ұсыныстары.
- 20.3. Акционерлік қоғамдар туралы заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысымен оның жасалуында мүдделілігі бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдауы, егер оның орындалуы нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген болса, оларды жасау туралы ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны, немесе ол мүшесі болып табылатын Банк органының отырысында, соның ішінде олардың не олармен афилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) көру мақсатымен жауапсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.
- 20.4. Банк Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (барлығы иеленетін) акционері (акционерлері) лауазымды тұлғаға онымен Банкке келтірілген зиянның не залалдардың орнын толтыру туралы, сондай-ақ егер лауазымды тұлға жауапсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған, лауазымды

тұлғалармен және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларымен олардың жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасу туралы шешімдерді (жасасу туралы ұсыныстарды) қабылдау нәтижесінде түскен пайданы (табысты) Банкке қайтару туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгініс жасауға құқылы.

- 20.5. Егер де Банктің лауазымды тұлғасы үшінші тұлғамен жасалған келісімнің негізінде осы мәмілені жасау және (немесе) жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Банктің ішкі құжаттарының немесе еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекеттенсе, Банк Акционерлердің жалпы отырысының шешімі негізінде немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтық түрде иеленетін) акционері (акционерлері) Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға осы үшінші тұлғамен жасалған мәміленің нәтижесінде Банкке келтірілген залалдардың орнын толтыру туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгінуге құқылы. Бұл орайда, Банктің аталмыш тұлғалары (үшінші тұлға және лауазымды тұлға) Банкке мұндай залалдардың орнын толтыру барысында Банктің ортақтас борышкерлері ретінде қарастырылады.
- 20.6. Сот органдарына жүгінгенге дейін Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтық түрде иеленетін) акционері (акционерлері) Директорлар кеңесінің отырысында Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдардың орнын толтыру туралы, және лауазымды тұлғаларының және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының олардың жасалуында мүдделілігі бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасу туралы шешімдерді (жасасу туралы ұсыныстарды) қабылдау нәтижесінде түскен пайданы (табысты) Банкке қайтару туралы сұрағын қозғау талабымен жүгініс жасауға тиіс.
- 20.7. Директорлар кеңесінің төрағасы осы Жарғының 20.6. тармағында аталған өтініш түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмеген мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.
- 20.8. Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтық түрде иеленетін) акционерінің (акционерлерінің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күні ішінде оларға хабарланады. Директорлар кеңесінің аталмыш шешімін алғаннан не оны осы тармақта белгіленген мерзім ішінде алмағаннан кейін, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтық түрде иеленетін) акционері (акционерлері) Банктің мүдделерін қорғау үшін өз атынан сотқа талап арыз беруге құқылы, бұл ретте акционердің аталмыш мәміле бойынша Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына жүгініс жасағанын растайтын құжаттар болуға тиіс.
- 20.9. Мәміле жасалуында мүдделілігі бар және оның жасалуы нәтижесінде Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған мәмілені жасауға ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Банктің лауазымды тұлғалары, егер де олар Банктің не акционердің залалға ұшырауына әкеп соқтырған Банк органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген, немесе орынды себептер бойынша дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.
- 20.10. Лауазымды тұлға, егер де ол Акционерлік қоғамдар туралы заңында белгіленген Банктің лауазымды тұлғаларының қызмет ету принциптерін ұстанумен қатар, шешім қабылдау уақытына өзекті (тиісті) ақпарат негізінде әрекеттенгені және мұндай шешім Банктің мүддесі үшін қызмет етеді деп санағаны дәлелденген жағдайда, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімді қабылдау нәтижесінде пайда болған шығындардың орнын толтырудан босатылады.
- 20.11. Сотпен экономикалық қызмет аясында, меншікке қарсы немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызмет мүддесіне қарсы қылмыс жасауға айыпты деп танылған, сондай-ақ аталмыш қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Банктің лауазымды тұлғалары, сотталғандығы Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелген немесе алып тасталған не қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап 5 (бес) жылдың ішінде Банктің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі міндетін атқара алмайды.

- 20.12. Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жай-күйін бұрмалаған жағдайда, аталмыш Банктің қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде оларға материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілік атқарады.

## 21-БАП ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 21.1. Акционерлердің арасындағы, сонымен қатар акционерлер мен Банктің арасындағы қарым-қатынастар осы Жарғымен, Банктің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 21.2. Егер де осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, бірақ бұл басқа ережелердің жарамдылығына ықпал етпейтін болса, жарамсыз ереже жаңа, мағынасы ұқсас және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін ережемен ауыстырылады.
- 21.3. Осы Жарғының барлық өзгертулері және толықтырулары жазбаша рәсімделеді, Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен уәкілеттік берілген тұлғаның қолы қойылады және қайта тіркеу үшін (егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілген болса) тиісті мемлекеттік органдарға беріледі және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 21.4. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді.
- 21.5. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 21.6. Осы Жарғы әрбір тілде үш дана етіп мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Осы Жарғының әрбір данасы бірдей заң күшіне ие.

Акционерлердің жалпы жиналысымен  
уәкілеттік берілген  
«Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасының м.а.

  
Ример Н.Г.



## **У С Т А В**

**Акционерного общества  
«Эксимбанк Казахстан»**

**Утвержден решением  
внеочередного Общего собрания акционеров  
(протокол №2 от «02» декабря 2014 года)**

**г. Алматы, 2014 год**



## СТАТЬЯ 1 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Настоящий Устав (далее – «Устав») Акционерного общества «Эксимбанк Казахстан» (далее – «Банк») разработан в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года №415-ІІ (далее – «Закон об акционерных обществах»), Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 31 августа 1995 года №2444 (далее – «Закон о банках») и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.
- 1.2. Наименование Банка:
- Полное наименование:
- на государственном языке: «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы;  
на русском языке: Акционерное общество «Эксимбанк Казахстан»;  
на английском языке: «Eximbank Kazakhstan» Joint Stock Company.
- Сокращенное наименование:
- на государственном языке: «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ;  
на русском языке: АО «Эксимбанк Казахстан»;  
на английском языке: «Eximbank Kazakhstan» JSC.
- 1.3. Местонахождение Банка и его исполнительного органа: Республика Казахстан, 050010, город Алматы, Медеуский район, улица Богенбай батыра, 80.
- 1.4. Срок деятельности Банка не ограничен.

## СТАТЬЯ 2 ПРАВОВОЙ СТАТУС БАНКА

- 2.1. Банк создан путем:
- преобразования государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственный Экспортно-импортный банк Республики Казахстан» в Закрытое акционерное общество «Эксимбанк Казахстан» на основании постановления Правительства Республики Казахстан «О реорганизации государственного Экспортно-импортного банка Республики Казахстан» от 26 августа 1998 года № 805;
  - на основании приказа Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан №111 от 27 июня 2002 года Закрытое акционерное общество «Эксимбанк Казахстан» было переименовано в Открытое акционерное общество «Эксимбанк Казахстан»;
  - на основании решения внеочередного Общего собрания акционеров от 31 марта 2004 года в соответствии со свидетельством о государственной перерегистрации юридического лица №3941-1900-АО от 26 мая 2004 года, выданным Министерством юстиции Республики Казахстан, Открытое акционерное общество «Эксимбанк Казахстан» было перерегистрировано в Акционерное общество «Эксимбанк Казахстан».
- 2.2. Банк в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, а также международными договорами (соглашениями), заключенными Республикой Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами Банка.  
В Банке действует Кодекс корпоративного управления, который утверждается Общим собранием акционеров Банка.

